

8. A computer-micro-optical complex for the analysis of powders and suspensions – Certificate of registration of intellectual product 0806 RK 00075 as of 01.06.2006.
9. Malyshev V.P. Planning of probabilistic deterministic experiment. Alma-Ata: Science of AN Kaz. SSR, 1981. 161 p.
10. Bolatbaev K.N., Lugovitskaya T.N., Tukachev A.A., Rustem R.S. Computer-micro-optical complex for the analysis of powders and suspensions / Certificate of registration of intellectual product 0806 RK 00075 from 01.06.2006.
11. Lugovitskaya T.N., Bolatbaev K.N., Naboichenko S.S., Rustem R.S. Investigation of the dispersing effect of thiolignins in suspensions of elemental sulfur and zinc sulphide by optical microscopy methods / BULLETIN of the KARGU. Karaganda, № 3, 2006, 5 p.
12. Dyuryagina A.N., Bolatbaev K.N., Demyanenko A.V. The study of the adsorption of surfactants on pigments in paint compositions. Paints and varnishes and their use. Moscow, 2002, № 10, pp. 36-38.
13. NurudeenYekeen, Muhammad A. Manan, Ahmad Kamal Idris, Ali Mohamed Samin. Influence of surfactant and electrolyte concentrations on surfactant adsorption and foaming characteristics. Journal of Petroleum Science and Engineering, 2017, vol.149, pp. 612–622.
14. Grażyna Para, Agnieszka Hamerska-Dudra, Kazimiera Anna Wilk, Piotr Warszyński. Surface activity of cationic surfactants, influence of molecular structure. Colloids and Surfaces A: Physicochemical and Engineering Aspects, 2010, vol. 365, pp. 215–221.
15. M.A. Deyab, Rachid Ouarsal, A.M. Al-Sabagh, Mohammed Lachkar, B. El Bali. Enhancement of corrosion protection performance of epoxy coating by introducing new hydrogenphosphate compound. Progress in Organic Coatings, 2017, Vol. 107, pp. 37–42.
16. Xianming Shi, Tuan Anh Nguyen, Zhiyong Suo, Yajun Liu, Recep Avci. Effect of nanoparticles on the anticorrosion and mechanical properties of epoxy coating. Surface and Coatings Technology, 2009, Vol. 204, Issue 3, pp. 237–245.
17. A.M. Al-Sabagh, M.I. Abdou, M.A. Migahed, A.M. Fadl, Ahmed A. Farag, M.M. Mohammedy, S. Abd-Elwanees, A. Deiab. Influence of ilmenite ore particles as pigment on the anticorrosion and mechanical performance properties of polyamine cured epoxy for internal coating of gas transmission pipelines. Egyptian Journal of Petroleum, 2018, vol. 27, Issue 4, pp. 427–436.
18. Artamonov G.L. Silicone resins and modifiers for industrial paint and varnish paints –Paint and varnish materials and their application, 2009, Vol. 2, Issue 2, pp. 32-34.
19. Golubeva O.Yu. Hybrid nanostructures based on layered silicates and nitrogen organic compounds – General Chemistry Journal, 2007, Vol. 77, Issue 2, pp. 246-251.

«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНДАҒЫ СУРЕТКЕР ЖӘНЕ ҚАҺАРМАННЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

Тағудретова Б.Б.

*(Гуманитарлық ғылымдар магистрі, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің
аға оқытушысы)*

Парменова Ә.

*(«№157 жалпы білім беретін мектеп» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Алматы қ.)*

1960 – 80-жылдар еншісіндегі қазақ романдарына тән көркемдік сипаттарының деңгей-дәрежесін айқындай тану үшін роман жанрының әлемдік және ұлттық даму тәжірибесіне, туу, қалыптасу, өсу, өркендеу, кемелдену үлгілеріне, роман жайындағы таным-түсініктерге зер салдық, романның көркемдік-шығармашылық мүмкіндіктері мен даралық белгілерін таразыладық. Соның нәтижесінде, роман дегеніміздің өзі – өз бойына бейнелеу тәсілдері мен амалдарының қай-қайсын да қабылдай алатын, сол мүмкіндігіне орай негізгі қаһарманды сан алуан қырынан барынша жан-жақты ашып көрсетуге қабілетті, әсіресе қаһарман-кейіпкерлерді өздері өмір сүріп жатқан қоғамдық-әлеуметтік ортадағы мұраттар мен мүдделер қайшылығынан туындайтын қақтығыстар мен күрес-тартыстар үстінде ішкі жан әлемі мен сыртқы бітімін мейлінше толыққанды сипатта тұлғалай сомдауға әлеуеті молынан жететін эпикалық түр болып табылатынын

таныдық. Мазмұны мен пішіні үйлесім тапқан романда эпикаға тән кең тыныс, драмаға тән шымыр тартыс, лирикаға тән нәзік сезім бірін бірі толықтыра, бірін бірі дамыта қолданылып отырады. Сондай-ақ, қазіргі уақыт үлесіндегі қазақ романына тән мұндай қуатты мүмкіндіктің тарихи тамыры тереңде жатқанын, яғни Батыс пен Шығысты қатар қамтитын көркемдік ізденістерде және төл топырағымыздағы әдебиет арналарында жатқанын бағамдадық. Роман дамуының әлемдік кезеңдері мен ұлттың тарихындағы жолына көңіл қоя отырып, қазіргі қазақ романының болмыс-бітімінен жанрдың әлемдік және ұлттық тәжірибесінде жинақталған көркемдік жетістіктерін молынан ұшырастыруға болатынын, оның себебі шығармашылық байланыстар мен ықпалдастықта жатқанын зерделедік.

Тарихи тұтас бір дәуірді құрайтын кеңестік жылдардың белгілі бір аралығын түзетін 1960–80-жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық өмірдің алға тартқан проблемалары аз болмағаны аян. Сол проблемалардың барлығы дерлік әдебиеттің түрлі жанрларында қал-қадырінше көрініс тауып отырды. Әдебиеттің өзге жанрларымен салыстырғанда, көркемдік-шығармашылық мүмкіндігі жоғары тұрған романда кезең проблемаларының кең ауқымда, жан-жақты салалана қарастырылып, көркемдік тұрғысынан тереңдей игерілуі де заңдылық. Дегенмен, кезең бейнесін айшықтайтын проблемалар романдарымызда қаншалықты молынан қамтылғанымен, олардың бәрінің жанрлық-көркемдік талаптары тұрғысынан қаншалықты дәрежеде игерілгендігін бір жұмыс көлемінде талдап-таразылап шығу мүмкін емес. Оның бірі – аталмыш жылдардағы қазақ романдарында адамның рухани келбетіне тән жағдайлар әдеби-шығармашылық тұрғыдан қаншалықты деңгейде көрініс тапқанын айқындау; екіншісі – барша адамзаттың алаңына айналған адам жаны және табиғат экологиясы проблемаларының ұлттық романдарымыздағы көрініс ерекшеліктерін дәйектей тану.

Адам баласының рухани болмысынан туындайтын перзенттік жауапкершіліктің орнына тұтынушылық қанағатсыздықтың басым түсуі салдарынан туындаған бүгінгі таңдағы жалпы адамзаттық аса күрделі проблема – экологиялық ахуал, бәрінен бұрын, жан экологиясы. Бүгінде адам жаны және табиғат экологиясы проблемаларының асқына көрінуінің себептері де ауқымды әрі аса көп. Сол себептердің негізгілерінің бірі адамның өз болмысынан, өз пиғыл-құлқынан тамыр тартады.

Роман – өз бойына бейнелеу тәсілдері мен амалдарының қай-қайсын да қабылдай алатын, сол мүмкіндігіне орай негізгі қаһарманды сан алуан қырынан барынша жан-жақты ашып көрсетуге қабілетті, әсіресе қаһарман-кейіпкерлерді өздері өмір сүріп жатқан қоғамдық-әлеуметтік ортадағы мұраттар мен мүдделер қайшылығынан туындайтын қақтығыстар мен күрес-тартыстар үстінде ішкі жан әлемі мен сыртқы бітімін мейлінше толыққанды сипатта тұлғалай сомдауға әлуеті молынан жететін эпикалық түр. Мазмұны мен пішіні үйлесім тапқан романда эпикаға тән кең тыныстылықты, драмаға тән ширыққан тартысты, лирикаға тән нәзік сезімталдықты бірімен бірін жымдаса ұштастырып, қоян-қолтық араластыра қолданылуға толық мүмкіндік бар. Әдебиеттің өзге түрлерінен ұшыраспайтын, тек романға ғана тән мұндай қарымдылық оның бойында аз ғана уақыт аясында қалыптасып үлгермегені шындық. Адамзаттың тарихи жадында аса күрделілігімен, дүниетанымдық қарама-қайшылықтарының тереңдей тарамдалуымен, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-идеологиялық күрес-тартыстарының молдығымен және алуан бағыттылығымен, жалпы адамзаттық проблемаларының үстемелене көбеюімен сақталатын ХХ ғасыр әдебиеттің тарихында да идеологиялық-саяси қайшылықтарымен, соған сәйкес, бірде өзара үндесе, енді бірде бірін бірі түбегейлі жоққа шығаруға ұмтыла дамыған ерекшелігімен қалды. Ғасыр әдебиетіне тән идеологиялық және көркемдік сипаттардың барлығы бұл кезеңде әдебиеттің көшбасшы жанрына айналып үлгерген романда толығымен көрініс тапты [1, 16 б.].

Қандай үлгіде болса да, көне мұралардың ұрпақтан ұрпаққа ұласып, жасампаздықтың жарқын үлгісін танытуының сыры – халықтың асыл армандарын, мәңгілік мұраттарын арқау етуінде жатқаны анық. Сондай-ақ, жазба әдебиет өкілдерінің өз туындыларында халықтық мұраларды үлгі етуі немесе сюжет желісінде фольклорлық сарындарды пайдалануы мәңгілік халықтық арман-аңсарлардың асқақтығына, тазалығына құштарлықтан туындап жатса керек. Әлемдік әдебиет тарихында жиі ұшырасатын бұл үрдіс, яғни халық аңыздары мен мифтік элементтерді сюжетте пайдалану ХХ ғасырдың 60-80 жылдары қазақ прозасында көбірек қолданысқа енді. Мысалы, көне дәуірдегі көмескі оқиғаларды қайта тірілткен Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» сияқты туындысында адам болмысын көркемдік тұрғыдан тереңдеп бейнелеу мақсатында фольклорлық дәстүрді мол пайдаланады.

Бүгінде ұлттық романдарымыздың біртұтас көркемдік жүйесін құрайтын негізгі арналардың бірі замандас өмірін бейнелеуге бағдар ұстанған романдар болса, екіншісі халық өмірінің өткенін әдебиет тілімен көрсетуге бағытталған тарихи романдар болып табылады. Қазақ әдебиетінде салалы да салмақты арна түзген тарихи тақырыптың кейінгі кезең әдебиетінде басымдық танытуының себебін іздер болсақ, оның жауабын белгілі ғалымдардың пікірлерінен кездестіреміз. Бұл орайда Р. Бердібай: «Шындығына келгенде, қаламгерлеріміздің тарихи құбылыстар ақиқатын айтуға бет бұруы халқымыздың санасындағы үлкен ілгерілеуді нышандайтын нәрсе. Бүгінгі жеткен биіктен өткенді шолу, оның пайдалы, қажетті тәжірибесін еске түсіру – дамудың алғы шарттарының бірі» [2, 81 б.], - деп ой түйсе, Р. Нұрғали: «Қазақ жазушылары өткен күндер тақырыбына неге жиі барады? Сөз жоқ, бүгінгі күннен сюжет, характер, идея таппағандықтан емес, заман қаһарманының бейнесін жасау үшін тер төгіп отыр. Рас, әдебиетіміз көне, оның бұтарлы тамырлары ғасырлар тереңінде жатыр, бірақ шынтуайтшап келгенде, халықтың басынан кешірген қилы-қилы халдерін, үлкен идеяларды, кесек характерлерді бүгінгі шебер әдебиет қана көрсете алмақ. Заманалар тұманы бетін бүркеген бағзы уақыттардағы ата-бабаларымыздың қасиетті рухы алдында бас ию аз, оларды өнер тілімен сөйлету ләзім» [3, 69 б.], - деген болатын.

Халықтың өз бас бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, осы жолдағы жеңістері мен жеңілістері түрлі ән-жырлардың, күйлердің, тарихи эпостардың тууына негіз болғаны белгілі. Алғаш халық ішіндегі өнер адамдарының творчествосы арқылы көпке тарап, кең танылған бұл сипаттағы үлкен оқиғалар бүгінгі әдебиетіміздің де басты тақырыптық желілерінің біріне айналып отыр. Аталған бағыттағы шығармаларда халық өміріндегі ең бір елеулі, тарихи маңызы жоғары оқиғалар, сыртқы шапқыншыларға қарсы тәуелсіздік үшін күрес, мүдделес ұлттармен өзара достық қарым-қатынастардың қалыптасуы, даму жолдары кең көрініс тапты. Әсіресе, Қазақстанның Россияға қосылуының әлеуметтік алғы шарттары мен прогрессивтік мәнін халыққа көркем творчество арқылы жеткізу ісінде айтарлықтай нәтижеге қолымыз жетті. Қазақстанның Россияға қосылуы, орыс және қазақ халықтарының интернационалдық достығы хақында бүгінге дейін ірілі-уақты бірнеше шығармалар жарық көрді. І. Есенбердин, Ә. Әлімжанов, Т. Ахтанов, Қ. Бекхожин, А. Сергеев және С. Сматаев секілді жазушыларымыздың шығармалары бұл тақырып аты едәуір тұсқа дейін тереңдетіп, дамыта түсті.

Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» (1974) деген романы – тарихи тақырыпты игерудегі жаңа кадамдардың бірі. Мұнда өз атымен берілген тарихи қаһарман болмаса да, оқиғалардың болып өткен дәуірін, замана, мінез ерекшелігін аңғару қиын емес. Романда Қазақстан мен Орта Азияның орта ғасырлардағы өмірінен дерек беретін тұстары мол. Бүкіл өмірін жорықпен өткізген әйгілі әскербасы, күллі жаһан елі екі патшалыққа аздық етеді-ау деп налыған атышулы әмір – Ақсақ Темір өмірінің бірсыпыра мінез қырлары романдағы Алмас хан басынан табылғандай. Өзінің байтақ

(астана) шаһарын көркейтуге күш салған даңққұмар Алмас ханның өмірбаяндық мағлұматтары да Темірді еске түсіреді. Оқиғалар мен адамдардың іс-әрекеті, мінез, дүниетанымы, тарихы, этнографиялық белгілердің молдығы бұл шығарманы тарихи романдар қатарына қосады.

Романның көңіл бөлерлік сонылықтары бар. Бұл оның құрылысынан да, суреттеу мәнерінен де, тіл өрнегінен де айқын көрінеді. Мұнда, ең алдымен, кейіпкерлер қатары аз. Шығармада бас-аяғы Алмас хан, ұлы ханша, кіші ханша, бас шебер, жас шебер (Жаппар) секілді төрт-бес-ақ қаһарманның жай-күйі, тағдыры толығырақ аңғартылады. Бір қарағанда, роман үшін бұлар аздық ететіндей сезіледі. Дегенмен, шығарманы оқи келе, осы қаһармандар көтеріп тұрған жүктің молдығына көз жетеді. Өмірдің кең байланыстарын, түрлі оқиғалар шоғырын кездестірмейміз. Шығарманың оқиғалық мазмұны екі-ақ ауыз сөзбен тұжырымдап айтылады. Жорықта жүрген Алмас хан қайта оралғанда қуансын деп оның кіші әйелі шаһарда биік мұнара салдырады, мұнараны жасаушы жас шебер кіші ханшаға іңкәр болып, барлық өнерін жұмсап, ескерткішті ерекше сұлу етіп шығарады. Жорықтан жеңіспен оралған әміршіге қызғаншақ күндес, үлкен ханша ишара белгімен жас шебердің ханшаға ғашықтығын білдіреді, бұған намыстанған хан жас шеберді жазалайды. Қысқартып ауызша мазмұндаса, оқиғаның желісі осы ғана. Жазушы осы аңыз әңгіменің тасасынан өты қызғылықты сырлыр таба білген, қаншама ғибратты, күрделі ойлар түйген.

Қаһармандардың сырт әрекеттері мен диалогтарын мейлінше аз айтып, олардың ішкі әлеміндегі құбылыстар мен толқыныстарды тереңдеп, жан-жақты көрсету мақсаты, оқиға-аңыздың көлемі мен сипаты жазушының шығарманың құрылысын өзгеше түзуге жетелеген. Әлгінде ғана баяндалған қысқаша хабардың сыры мен жыры романның «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры» деген төрт тарауында түрлі қырынан ашыла түскен. Бұлардың әрқайсысында Алмас хан, Жаппар, кіші ханшалардың өмір деректері, өскен ортасы, мінез ерекшеліктері кеңінен таныстырылған. Көркем тұлғаның өрнектері осылайша негізгі оқиғаны баяндау тұсында байқалған. Бұдан шығарманың идеясы мен суреткердің көздеген мұраты, оқиға сипаты қашан да композициялық тың шешімдерге апаратынын көреміз. Жазушының ойы мен нысанасын жеткізуге дәл осындай композиция сай келген. Негізгі мәселе – қаһармандардың жан тебіренісін неғұрлым жүйелі етіп, мүмкіндігінше толық баяндауға да осы тәсіл сәйкес шыққан [2,66 б.].

Әлбетте, қарамы аз оқиғаның ішкі түрткілерін, аңсарларын кең ашу арқылы суреттеудің өзіндік қиындығы бар. Қанша шебер, қанша кемел тілмар әңгімеші болсаң да, мұндайда қайталауға, қара дүрсін баяндауға түсіп кетудің қаупі кездеспек. Мұны біз шығарманың екінші тарауынан байқаймыз. Бір жақсысы – автор мұндай мүлтік туатынын өзі де сезгенге ұқсайды, сондықтан да романның көп тұстарында баяндау мен талдауды, суреттеуді табиғи ұластырып, айтушы мен қаһарман ойларын жымдастырып жіберген. Сөйтіп, шығарманың ішкі бөліктері, сурет бояулары арасында да сәйкестік сақталған.

«Аңыздың ақыры» романы бір тараптан ертеде Европа әдебиетінде кең орын тепкен «жабық романдарды» еске салады. Мұнда да кейіпкерлердің сезім тартыстары мен қайшылықтары, оңаша толғаныстары мен күдіктері үнги көрсетіледі. Әлем әдебиетінде романның алуан үлгісі бар. Ол байлықты меңгеру, пайдалысын іске асыру, жарату қазақ жазушыларының әрдайым алда тұрған уәзипаларының бірі. Сол үшін біз романның мына түрі қолайлы, ана түрі жарамсыз деп үстірт үкім айтқымыз келмейді. Қазақ әдебиетінде романның түрлі формалары қатар өмір сүруге қақылы дейміз. Тек қана бір мәселе міндетті ол –шығарманың анық өмірлік байланыстар мен жанды идеяларды көтеруі, түрі мен мазмұны табиғи бірлесе шығуы, оқушының көркемдік

сауалына жауап беруі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, «Аңыздың ақыры» өз жаңалығымен келген шығарманың бірі.

Романның суреттеу мәнеріндегі өзгешелік – автордың өзіндік қолтаңбасы, дарын ерекшелігіне жарасқан стильдік ізденістері. Ә.Кекілбаев бұл күнде бірталай повестер жарияланған жазушы. «Аңыздың ақырында» суреткердің қалыптастырған өзіндік көркемдік қасиеттері көрініс береді.

«Аңыздың ақырында» қаһармандардың ішкі өмірін көрсету күрделі орын иелейді. Автор қай мәселені сөз етсе де, соңынан табиғи түрде кейіпкердің көңіл күйін көрсетуге ауысып отырады.

Баяндаушы мен қаһарманның «даусы» кейде кезектесіп, кейде қосылып кететіндей болады, әңгімелеу аяғы ішкі монологқа жалғасады. Қаһарманның ой қатпарында жатқан, әншейінде айтыла бермейтін, тіпті ең жақын адамдарына да сездірмейтін құпиясы осындай жолмен ашылады. Автор суреттеудің бұл принципін бұзбай, мінездеудің тысы мен ішін қатар қамтиды. Соның арқасында қаһармандар тұлғасына нақтылық, нанымдылық бітеді.

Алмас хан бейнесін алып қарайық. Шығармада оның сан соғыстарының көрінісі де, хабарламасы да емес, қорытындысы, тәжірибесі ғана екшеліп ойша елестетіледі. Оның өзінде де жорықтар, тәж бен тақ үшін таластар жеке өзіндік мақсатпен берілмей, Алмас ханның өмір мен өлім, барлық пен жоқтық, жақсылық пен жамандық туралы ойларына, тұжырымдарына дәлелдеме, дәйектеме мысал секілденіп қана тізбектеледі. Демек, шығармада белгілі оқиғалардың мазмұны мен сипаты айтылады, құбылыстардың себебі мен салдары ақыл таразысынан өтіп, өз бағасын алып жатады.

Бұл реттен алып қарағанда, роман кейде философиялық толғаныстардан, ғибраттардан, ұласқан ойлардан тұрғандай сезіледі. Алмас ханның жорықтан қайтып келе жатқанда өмірдің пәнилігі туралы ойлары кейіннен ішінен құрт шыққан қызыл алманың не хикмет екенін біле алмай дағдарған, күдіктенген халдарына жалғастырады. Біз бүкіл әлемді тітіренткен әміршінің жойқын соғыстарының емес, кіші ханшаны өзгеден қызғанған күйкі сезімдерінің куәсі боламыз. Оның айналасындағы құбылыстарға талдау жасауы, қызғаныш пен сабыр, өктемдік пен әділдік, өкініш пен үміт, қанағат пен шапағат сезімдерін парасат таразысына сала білуі күрделі тұлғасын танытады. Адамның деңгейі іс-әрекеттен де, ой-пікірден де көріне алады. Алмас ханның өткір ақылы мен берік еркін оның ойына қызғаныш құрты түскен кезде, көзі жеткен қылмыстың лайықты жазасын ойлап қиялы сан тарапты шарлаған шақта анық елестетеміз... Алмас хан жасында күштілердің қорлығын, қуғынын көп көреді, тек кейіннен ғана өзінің ерлігі, айлалы, өжеттігі арқасында жауларын біртіндеп жеңіп, жарты әлемнің билеушісі дерлік дәрежеге жетеді. Мұның алдында жаһанның қаншама үкімдарлары бас иген. Ол аспан астында әміріме илікпейтін пенде жоқ деп, өзінің құдіретіне мығым сенгеніне талай болған. Ханды сұлудың сиқырлы назы да, өзенше аққан адам қаны мен көз жасы да таңырқатуды не тебіртуді қойған [2, 89 б.].

Адам баласының тағдырының ойыншық қып үйренген, дүниеде қарсы келер, сес көрсетер жан бар деп ойлауды ұмытқан хан бір мәселеден тығырыққа тірелгендей, қатты тосылады. Ақырында ол кіші ханшаның кінәдан пәк, жас шебердің ынтық болуы сырттай құмарлық болып, нәтижесіз қалғанына да көз жеткізеді.

Сонда да болса ол жай қарапайым адамның ханшаға сұқтанғанын, сол үшін барлық өнерін төгіп, ғажайып мұнара соққанын кешіре алмайды. Өзгелердің ойы, еркі ғана емес, сезімі де әмірге бағынышты болу керек деп сенетін ол әлгіндей ғашықтыққа батылы барғаны үшін жас шебер – Жаппардың көзін ойып тілін кестіріп жазалатады. Алмас хан бұлай еткенде жеке басының қызғаныш құлы болып қана кетпейді, мынадай асқан әсем мұнара басқа ешкім, ешбір жерде бұдан былай салынбасын деген пікірді де қатар ойлайды. Ол әрбірп кескен жазасы халыққа қандай әсер ететінін, бұдан елге

қандай аңыз, лақап, дақпырт тарайтынын да ескереді, жансыздарын жіберіп, базар аралатады, жұрттың өсегіне дейін тындаттырады. Сөйтіп, ол өзінің шешімдерін жұрттың түсінігіне сәйкес үйлесімді етіп жасауды, аңызды қолдан жасауды көздейді.

Бұл айтылғандар Алмас хан тұлғасы сом, кесек тұлға екендігін аңғартса керек. Ханның өмірі де, мінезі де, ойлары мен шешімдері де оның ірі келбетін айқындай түседі. Бұл тұлғаның шытырман, қатпарлы тұсын оқушы қызыға қабылдайды, ой өрісін жаңа бір көркемдік жинақтаумен байыта алады. Сонымен қатар, Алмас хан өмірінің тәжірибесі тәж бен тақты иелеген жанның зорлығын ғана емес, қорлығын да паш етеді. Кең дүниені билеуге қауқары жеткен әмір жеке өмірінде еркін емес, әрбір басқан қадамы санаулы, оған өзгелер шын жүректен емес, қорыққаныннан, күні үшін ғана қызмет етіп жүргендей көрінеді. Ол ағынан жарылып, қуанышқа да беріле алмайды, сырласатын достары, аңсап тұратын жар төсегі жоқ. Барлық әлемді табанына басуға қабілетті қолбасы пенделік қарапайым бақытан махрұм. Міне, Алмас хан тұлғасының көлеңкелі шындығы осында жатыр.

Өзгелерге тізе батырған, басқаның арманын, табиғи өмір қалпын аяқпен таптаған адам өзі де бақытты бола алмайтындығын Алмас хан тұлғасы анық әйгілейді. Дүниенің барлық байлығы хан мансабы «бақыт» деген бір сөздің төлеуіне жүре алмайтыны осылайша ғибрат етілген. Романның, соның ішінде Алмас хан тұлғасының оқушыға берер сабағы, тәлімі осы жайларға байланысты. Әдебиет адамдарды ізгілікке, сұлулыққа шақырудың, әсерлендірудің, үйретудің бір құралы екенін есте ұстасақ, көне тарихтың мұндай аңызға айналған оқиғаларының да қазіргі қауымға берер тиісті тәжірибесі барлығына көз жетеді.

Романда кіші ханша, жас шебер Жаппар өмірлерінің ұзын-ырғасы да келтірілген. Бұл екі бейне де жинақтаушылық қуатқа ие. Автор аталған тұлғаларды да психологиялық тереңдікпен аша алған. Өз өнері өзінің басын жұтқан жас ұста – Жаппардың трагедиясы нанымды. Табиғат берген таудай талап пен үлкен дарын оны арман биігіне шығармай, қайта қызғаныш пен зорлық құрбандығы етіп, құрдымға жібереді. Еңбек пен талант тиісті бағаланбай, мансап пен жылпостық, арамзалық үстем болған көне дәуірдің ақиқаты осы еді. Салған мұнарасы ғасырларға кететін өнер адамын шыбын құрлы көрмеу нағыз тыюсыз зорлықтың, қаскөй астамдықтың белгісі болатын. Мұндай әділетсіздікке, өтірікке, алдауға, зорлыққа, екі жүзділікке негізделген құрылыс азғындамауға, тозбауға, тоқырамауы мүмкін емес. Роман соңында жазушы Алмас ханның өзінің ақырғы жорығына, өзі ажал табатын сапарына шыққанын айтады. Күшпен, айламен ұстап тұрған мемлекет әмірші өлген соң, быт-шыты шығатыны айтпаса да түсінікті. Қолынан өнері тамған еңбек адамы – жас шебер Жаппар тұлғасы символдық дәрежеге көтерілген. Біз оның жеке өмірінің көп қалтарыстарынан байхабармыз, бірақ ол еріксіз, бас бостандығы жоқ қалың бұқараның өкілі ретінде орны анық тұлға [2, 23 б.].

Кіші ханша бейнесі де оқушыны ойға қалдырарлық. Өзгелер көзіне соншама салтанатты, армансыз секілденіп көрінетін ханша өмірі қаншалық аянышты екенін сеземіз. Ханшаның ақылы, ажары, ұстамдылығы, намыстылығы жарқын көрініс берген. Ол өзінің парасатын әмірдің жорықтан оралуына арнап мұнара салдырту кезінде танытады. Кіші ханшаның ханға деген махаббаты да, өз өмірін қарауындағыларға танытуды да, күндес үлкен ханшаға жасаған қыры да, өзіне ғашық болған жас ұстаны айламен алдарқатуы да – қысқасы, оның мінезінің ең жарқын нышандары осы мұнара оқиғасына байланысты қалтқысыз ашылған.

Мұның бәрі Ә. Кекілбаев романында қызықты аңыздың шындығы ғана ашылып қоймай, тартымды адам мінездері, түрлі тағдарлар жолы мен қалыптасуы көрінгенін сипаттайды.

Шығарма адам мінездерінің сан алуан құбылысын жан-жақты ашуға бағытталғанын, баяндаушы мен қаһарман ойы тоғысып отыратындығын ілгеріде ескерттік. Адам психологиясының иірімдерін көрсету, талдау молдығы жағынан бұл роман әдебиетімізге тың ажар қосарлық туынды. Сонымен қатар «Аңыздың ақыры» өзінің бітімі жағынан философиялық романдардың дәлелін танытады. Кең талданатын қайшылықтар, күдіктер, құмарлықтар, өштіктер қаһарманның ойлары төңірегінде көрінуі бұған дәлел. Тартыс, сюжеттің серіппесі – сезім арпалыстары аясында емес, іңкәрлік пен нанымның, арман мен борыштың тайталасы негізінде өрістейді деуге болады. Кіші ханшаның жас шеберге өңінде болмаса да, түсінде көңіл бұрғанын сезген Алмас ханды қызғаныш сезімінен гөрі атағына келетін кір көбірек толғантады. Кіші ханша да жас ұстаға деген лап еткен сезімін санаға, борыш, дәстүрге жеңдіреді. Қаһармандардың сөздері мен ойлары өмір тәжірибесінің қорытындысы секілді. Салыстырулар мол болуы да шығармада философиялық бедерлер күрделі орын иеленетіндігін көрсетеді. Бұл жөнінде де роман өзіндік келісті көркемдік ұмтылыс танытады.

«Аңыздың ақырының» өн бойында өріліп жатқан оңаша ойлар (монологтар). дүниенің іші мен сырты, пәни мен бақи туралы тебіреністер бұл айтқанымызға мысал. Жорықтан қайтып, күйменің ішінде келе жатқан Алмас ханның ойы жақын мен алысты қатар шарлап, белгілі заңдылық, мұнды қорытындылар тауып отырады. «...Жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қалған ұлпа құмақтағы әлде бір сиқыр жазып кеткен жұмбақ дұғалықтай көп шиыр қанша телміргеніңмен, ой сергітер нышан танытпайды. Қайта көңілге тіршілік дегеннің өзі де құм бетіндегі оыс бір мән-мағынасыз құр шимайдай, мынау ұлан-асыр сұрқай кеңістіктегі бүгін бар, ертең жоғалып кететін өткінші бедер ғана емес па екен деген күдік қашырғандай. Күні кеше ғана асырды салып-салып, ақырында мысы құрып, өз-өзінен тыныш жатқан көктеменің әумесер дауылындай о да қанша алас ұрып баққанмен, уақыт дейтін сусыма құм бәрібір із-тұзын қалдыртпай, түп-түгел өшіріп жіберетіндей» [4, 7 б.].

Енді бір сәтте Алмас хан көңілсіз ойдан арылып, өзінің жаулаушылық саясатына сәйкес келетін ережелер тапқысы келеді, қаншама қылмысын ақтарлық дәлел іздейді. «... Бүгін деген – қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығы. Пенде біткеннің қалтылдақ қайық мінгендей қалтырап күн кешетін бар аясы тек сол ғана. Олар тек сонда ғана мықтылардың ұстап тұтынғанына көнеді. ал мықты тегеурінсіз өңшең әлжуаз түк те бітіре алмайды. Бір қолында қорқынышты, екінші қолына үмітті мықтап ұстап, қалғандары екі ортада әрі-сәрі қалып қоя алатын тегеурін ғана әлжуаз әлсіздікті күшке айналдыра алады» [4, 12 б.].

Тағы бірде Алмас хан өзінің өктем билігінің «заңдылығына» тәңірінің тәртібінен үлгі тауып, көңілін демейді. «Жаратқан иенің кедір-бұдыр қып кемшін жаратқан дүниені бұл қалай бір тегіс қыла алады. Жаратқан иенің өзі он сегіз мың ғалам өз билігінен шығып кетпесін деп, өз қолынан шыққан жан-жануарлық әрқайсысына әр алуан кемшілік пен әлсіздік беріп, сол арқылы тұтымында ұстаса, өз қарауындағы жұмыр басты пенделерді бұл қалай солай ұстап, солай тұтпайды. Құдайдың өзінде де бір кемшілікті адам қайталаса, неге күстаналайды. Өзі жаратқан жан иелерінің арасынан алланың өзі әлгіндей сескенгенде, бұл қалай сескенбейді?» [4, 78 б.].

Шығарманың тілі жатық, бай екенін, өмір құбылыстарының сан құлпырма мезетін автордың жүрдек те шешен әңгімелей білетінін айту ләзім. Тіл мамандары бұл шығармадан тұңғыш рет қолданылған көптеген халықтық тіркестерді байқаған болатын.

«Аңыздың ақыры» романында автор тағы да өзінің бұрынғы қалыптасқан байсалды, қазып айтатын баяндау тәсіліне ерік береді, мұнда жалпы сюжет, оқиғаның жотасы анық көрінгенмен, бірінші кезекте адам жанының алуан иірімдері, терең

психологиясы, пейіл-мұрат, мінез-құлық, ішкі драмалықколлизия, сырт көзге онша байқала бермейтін, бірақ іште қайнап жатқан ой-сезім, сөз бен әрекеттің арбасуы тәптіштеледі.

Тарихта болған дерек пен шығармашылық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әр қилы аңыз-әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік философиялық концепциясы барынша толық, барынша айқын танылады. Шыңғыс Айтматовтың осы арада фольклорды игеру жөніндегі ойлары маңызды көрінеді, ол әр түрлі мифологиялық желілерді бүгінгі күн талаптарына лайық пайдаланудың артықшылығын атай отырып: «Талантты қазақ прозаигі Әбіш Кекілбаев мифологиялық системалар мен структураларды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап – ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз-әңгімелер мен бүгінгі күннің өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, біздің пікірімізше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен»,– деген пікірі аса қисынды көрінеді [5, 56 б.].

...Ұлы әмірші алыс жортуылға аттанып кеткен. Ерін сағынған жас әйел қосағы қайтып оралғанша, ғажайып күмбезді көк мұнара салғызуды ойлайды. Осы мұнараны салушы жас шебер сұлу ханшаға өлердей ғашық болады да, егер тілінен бал татқызбаса, мұнараның күмбезі әрі қарай қаланбайтынын шарт етіп қояды. Бұған ашуланған ханша қиқар шеберге өзінің ең сымбатты күңін сыйлыққа ұсынады. Бірақ анау қасарысып көнбейді. Бұл кезде әмірші де жауын женіп, атының басын кері бұрған екен дейді. Әмірші астана жұртына келмес бұрын жас ханша жас шебердің тілегін орындауға ыңғай танытады. Әйелі салдырған ғажайып мұнараға әміршісі бек риза болады, бірақ ханшаның бетіне түскен ыстық таңбаны көріп, қаһар шашады. Ханша «қылмысын» мойындайды, шебер дарға асылады... [3, 13]

Бұл аңыздың әр түрлі вариациялары бар, бірақ бәрінің түйісетін жері осындай. Жазушы ескі аңызды қайта жаңғыртып, қайта баяндап қоймайды, оған терең философиялық мән-мағына қосады, аңыздың әлеуметтік сыр-сипаттарын ашады, ешбір заманда өзгеруді білмейтін адамгершілік мәселелерді қозғайды, адам тағдырының қым-қуыт жолдарын көрсетеді. Романның бас кейіпкері – ұлы Әмірші «Күй» повесіндегі Жөнейітпен, «Ханша-дария хикаясы» повесіндегі Шыңғыспен іштей де, сырттай да біраз үндесіп жатады, бірақ бұл шығармада шексіз билік пен билік құмарлықтың адамшылық философиямен әсте сыйыспайтындығы айқынырақ, тереңірек суреттеледі. Әміршінің атақ-абыройға, шексіз билікке қолы бірден жетпеген. Әмір әскерінің көп сардарының бірі бола жүріп, бұл да жасында талай қуғын-сүргінді, қауіп-қатерді басынан өткерген, күштінің қысымын көрген, тұмсығы тасқа тиген. Бірақ табиғат бұған бала жастан қайсар мінез, зор дарын асқан өзімшілдік пен бірбеткейлікті сыйлапты. Ол бала жасынан өзінің атағын шығарып, елдің есінде қалуды ойлайды. Осы мақсатына жету үшін мына алдамшы дүниеде бір-ақ жолдың – билік пен мансап жолының бар екеніне ерте көзі жетеді. Көздеген жеріне төтелеп бару үшін Әмірші өзінің бар күш-жігерін, амал-айласын аямай жұмсайды. Айналасындағы бағынышты адамдарының іші-сыртын, пендешілік осалдықтарын түгел зерттеп білген Әмірші халқына да қырын қарайды, халқын үміт пен үрейдің арасында ұстаса ғана қара тобырды қаһарлы қалың қолға айналдыруға болады деп олайды. Басқарудың әр түрлі айла-тәсілін, саясаттын, сан түрлі шиырларын меңгерген Әмірші қара басынын мүддесін қорғау үшін арам, адалды айырып жатпайды, ақырында ол ақылды да көреген, бірақ қайырымдылық дегенді білмейтін қара жүрек қанапезерге айналады. Жарты әлемге билігін жүргізген әмірші енді өзінің әрбір жорығы, әрбір әрекет-қимылы, аузынан шыққан әрбір сөзі аңызға айналып, досын қуантса екен, қасының зәресін ұшырса екен деп қиялдайды.

Қыруар елді тітіреткен айбынымен, ақылымен, батырлығымен тірлігінде әлемді аузына қаратса, келешек ұрпақтар оның атын дақпырттап әкетуін қалайды. Ерінің ерлігі құрметіне жас тоқал салдырған, көкке мойнын созған көгілдір мұнара мұның атағын келер нәсілдерге айғақтап жеткізеді деп сенген. Рас, ол кезінде халықтардың басында әңгір таяғын ойнатқан, талай алтын тақтардың талқанын шығарып, талабы асқан өзінің туа біткен турашылдығы, даралығы, даналығы жөнінде төңірегіне нелер ертегілерді таратып жіберткен. Айдарынан жел ескен айбарлы Әмірші туралы осы ертегілердің мәңгі жасайтындығына да оның көңілі әбден сенулі еді.

Өйткенмен, махаббат мұнарасы туралы аңыз осы ертегілердің бәрінің белінен бір-ақ сызып, бір адамның атағын асыру үшін құрбан болған бейшаралардың тағдыр-тарихын біздің заманымызға дейін жеткізді.

Автор бас кейіпкеріне басы жоқ, аяғы жоқ қара бояуды баттастырып жаға бермейді, оның іс-әрекеттерін төтелеп даттай да бермейді, автор адамшылық қасиетті, адамның жеке басын аяққа таптайтын зорлық пен зұлымдықтың, билік құмарлықтың шірік философиясын әшкерелеуге назар аударады. Қаншалық қаһарлы, қайратты болғанмен, Әміршінің өзі де, шынтуайтқа келгенде көрсоқыр, қатыгез догманың кесік құлақ құлы, ол өз ниетіне өзі кіріптар болған біреу. Ол өзгелерді қайғы-қасіретке ұшыратумен бірге, өзі де шектеусіз биліктің құрбаны болады.

Әміршінің күйреуі – романның соңында заңды құбылыстай әсер етеді. Өйткені ол өзінің бойындағы барша қайрат-жігерін, ақыл-парасатын, әуре-сарсаңға толы тынымсыз өмірін түгелдейөзімшілдік пен өркөкіректікке, өзгеден артық туысын дәлелдеуге жұмсайды. Автор осы күйреудің философиялық, әлеуметтік адамшылық негіздерін жан-жақты, нанымды суреттейді.

Қорыта келгенде, өмір шындығын мол қамтып, байсалдылықпен кең суреттеу Әбіш романдарының табысты қыры болды. Кекілбаев үшін өмір аңыз бен ақиқат үйлесімінен тұратын алып кеңістік іспетті. Қазақ топырағындағы интеллектуалды монобаяндау үлгісі туралы айтқанда Кекілбаев повестері мен романдары айрықша талдауды керек етеді дейтініміз де сондықтан.

Әбіш Кекілбаев қаламгер әріптестерінен даралайтын басты қыры – суреткерлігімен қатар ойшылдығы екендігіне де көз жеткізеді. Хикаят, романдарынан «мен мұндалап» тұратын парасат-пайым тереңдігі оны философ ретінде мойындатады. Жазушы шығармаларындағы концептуализм сыры осында жатыр: ол тіршілік құбылыстарына ойшыл философ көзімен үңіледі де, трактат орнына көркем шығарма тудырады.

Әдебиет

1. М. Әуезов. Әдебиет тарихы / М. Әуезов. - Алматы : Ана тілі, 1991. - 240 б.
2. Әдебиет теориясы: Нұсқалық / Құрастырған: Р.Н. Нұрғали. - Астана : Фолиант, 2002. - 293 б.
3. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық. - Алматы: Ғылым, 1976. - 203 б.
4. Сахариев Б. Күрескер тұлғасы: мақалалар, зерттеулер / Б. Сахариев. - Алматы : Жазушы, 1979. - 375 б.
5. Нұртазин Т. Жазушы және өмір / Т. Нұртазин. - Алматы : ҚМКӘБ, 1960. - 372 б.